




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ **ЕРЕЖЕ**

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық
өнер университеті» РММ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МҚ «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1 бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Диссертациялық кеңесті құру тәртібі	3
3	Диссертациялық кеңестің қызметтері	5
4	Диссертацияны диссертациялық кеңеске ұсыну тәртібі	6
5	Докторлық диссертацияны қорғауды өткізу тәртібі	10
6	Докторлық диссертацияны қорғаудан кейін құжаттарды рәсімдеу тәртібі	15
7	Диссертациялық кеңестің қызметін қаржыландыру	15
8	Диссертациялық кеңестің жауапкершілігі	18
9	Қорытынды ережелер	17
	А қосымшасы. Диссертациялық кеңестің мүшелігіне үміткерлер туралы ақпарат	18
	Б қосымшасы. Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп	19
	В қосымшасы. Андатпаны (аннотацияны) үш тілде рәсімдеу	20
	Г қосымшасы. Ғылыми кеңесшінің пікірі	22
	Д қосымшасы. Ресми рецензенттің жазбаша пікірі	23
	Е қосымшасы. Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежелерінің берілуі (берілмеуі) бойынша диссертациялық кеңестерде қабылданған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есеп	27
	Ж қосымшасы. Академиялық этика бойынша Кеңестің қорытындысы	28
	З қосымшасы. Алда болатын қорғау туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне хабарлау	29
	И қосымшасы. Плагиатқа тексеру үшін «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына хат	30
	К қосымшасы. Диссертациялық кеңестің қорытындысы	31
	Л қосымшасы. Докторанттың құжаттарын тіркеу үшін «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына хат	33
	М қосымшасы. Тіркеу-есептік карточкасы, екі тілде	34
	Н қосымшасы. Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімін рәсімдеу нысаны	35
	О қосымшасы. Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы	36
	П қосымшасы. Докторант туралы мәліметтер	37
	Р қосымшасы. <i>Жұмыс істелген сағаттар бойынша орындалған акт</i>	38

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


1.1 Диссертациялық кеңес туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) білім алушылардың докторлық диссертацияларын қорғау бойынша диссертациялық кеңестерді ұйымдастыру тәртібін және олардың қызмет етуін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық кеңес туралы Үлгі ережеге;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелерді беру Қағидаларына;
- Бюджеттік қаражат есебінен қызметтік іс-сапарларға, оның ішінде, шет мемлекеттерге іс-сапарларға арналған шығыстарды өтеудің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген Қағидаларға;
- Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іс-сапарлары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген Қағидаларға;
- Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына.

1.3 Диссертациялық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) – Университетте докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды өткізетін алқалы орган.

1.4 Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор - ҚР заңнамасында мойындалған тәртіпте Қазақстан Республикасында (ҚР) немесе оның шегінен тыс жерде ғылыми-педагогикалық бағыт немесе тиісті кәсіптік қызмет саласы

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет

бойынша докторантураның бағдарламасын игерген және докторлық диссертацияны қорғаған тұлғаларға берілетін дәрежелер.

1.5 Университеттің диссертациялық кеңестерінің қызметін үйлестіруді ғылыми жұмыс жөніндегі проректор атқарады.

2 ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІ ҚҰРУ ТӘРТІБІ

2.1 Диссертациялық кеңестер 3 (үш) күнтізбелік жылға құрылады және Университетте мамандарды дайындаудың тиісті бағыттары бойынша келесілердің болуында қызмет етеді:

1) докторантураның бағдарламасы бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензия және/немесе лицензияға қосымша;

2) білім беру бағдарламаларының Реестрінде көрсетілген докторантураның білім беру бағдарламалары;

3) аккредитациядан өткізілген білім беру бағдарламаларының Реестріне енгізілген докторантураның аккредитациядан өткізілген білім беру бағдарламалары;

4) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытудың 1, 2 және 3 жылындағы докторанттар.

2.2 А қосымшасына сай Кеңестің тұрақты құрамына кандидатуралар туралы ұсыныстарға сай және 2.1 тармақта көрсетілген шарттардың болуында Университеттің Ғылыми кеңесі тиісті мамандық бойынша диссертациялық кеңестің ашылуы туралы шешім қабылдайды.


2.3 Кеңестің тұрақты құрамы Ғылыми кеңестің шешімінің негізінде төрағаның, төраға орынбасарының және Кеңестің ғалым хатшысының көрсетілуімен Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Кеңестің ашылуы және құрамы туралы ақпарат ректордың бұйрығы шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Университет сайтында орналастырылады.

2.4 Кеңестің құрамына кемінде, алты адам кіреді, олардың ғылыми атақтары (ғылым кандидаты немесе докторы) немесе PhD философия докторы, бейін бойынша доктор академиялық дәрежесі болуы тиіс. Мүшелердің кемінде, 50% басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми және/немесе басқа ұйымдардың өкілдері болуы тиіс. Кеңестің мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болуы тиіс.

2.5 Диссертациялық кеңестің құрамындағы Кеңес мүшелерінің 50% (елу) тұрақты мүшелер болады, оның ішінде, төраға, төраға орынбасары және Кеңестің ғалым хатшысы бар.

Төраға және ғалым хатшы Университет штатындағы қызметкерлер болуы тиіс.

 ҚАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

2.6 Диссертациялық кеңестің құрамындағы Кеңес мүшелерінің 50 (елу) % докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

2.7 Кеңестің уақытша мүшелері болып ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ, докторантқа немесе оның ғылыми кеңесшісіне қосылма тұлғалар тағайындалмайды:

1) жақын туыстар – ата-аналар, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, аға-інілері мен апа-сінді-қарындастары, аталары, әжелері, немерелері, күйеуі немесе әйелі, жекжаттары;

2) докторант немесе ғылыми кеңесші еңбек қатынастарында немесе олардан қаржылық немесе басқа ресурстарды алуы болжанатын басқа қатынастарда тұратын ұйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде ортақ жарияланған мақалалар мен шолулардың бірлескен авторлары.

2.8 Кеңестің тұрақты мүшелері Университетте қызмет ететін басқа диссертациялық кеңестердің бір мезгілде (қатар) құрамында бола алмайды.

2.9 Кеңестің құрамына кірмейді:

1) Университет ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҒЖБМ) және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің (МСМ) қызметкерлері;

3) Соңғы 5 (бес) жыл ішінде теріс шешім алған диссертациялар бойынша ғылыми кеңесші болған мамандар.

2.10 Өнер және білім беру мамандықтары (маман дайындау бағыттары) бойынша Кеңес мүшелері үшін талаптар: соңғы 5 (бес) жыл ішінде тиісті зерттеу саласында рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда, кемінде, бір жарияланым немесе ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар Тізіміне (бұдан әрі – басылымдар Тізімі) енген журналдарда кемінде, бес басылымы болуы.


2.11 Университет қамтамасыз етеді:

1) Кеңестің жиналыстарын және диссертацияларды жария қорғауды, оның ішінде, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолданумен, өткізу үшін қажетті жағдайды;

2) Кірме материалдарды анықтау үшін диссертацияларды лицензиялы анықтау жүйелерінде, оның ішінде, халықаралық дерекқорларда тексеруді;

3) Университет ректорының шешімі бойынша Кеңестің қызметіне, оның ішінде, Кеңес мүшелерінің іс-сапар шығындарына байланысты шығындарды өтеу.

2.12 Нақты білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша Кеңесті жабу үшін негіздеме болады:

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕУ УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5 бет

- 1) докторантурада маман дайындаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиядан айырылу;
- 2) докторантурада білім беру бағдарламасы аккредитациясы мерзімінің аяқталуы;
- 3) осы Ереженің талаптарының ұдайы бұзылуы (3 реттен астам).

3 ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

3.1 Кеңестің қызметтері:

- 1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- 2) Кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;
- 3) докторанттың кірме материалды авторға және ақпарат көзіне сілтемесіз пайдалануына (плагиатқа) диссертацияны тексеру үшін кеңес мүшелерінің қатарынан комиссия құру;
- 4) диссертацияны жария қорғауды өткізу;
- 5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

3.2 Кеңестің мүшелері:


- 1) ақиқат, толық және сенімді мәліметтерді береді;
- 2) диссертацияны қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми этиканы бұзу фактілеріне қатысты әрекет етеді;
- 4) шешім қабылдау кезінде қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тұлғалардың әсеріне тәуелсіз әрекет етеді;
- 5) мүдделер қайшылығының алдын алу және реттеу бойынша шараларды қабылдайды;
- б) қызмет барысында Кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ар-намысына нұқсан келтіретін өрескел, қорлайтын сөздерді, кінәлауды қолданбайды.

3.3 Алдыңғы 3.2 тармақта көрсетілген талаптарды қадағаламау фактілері анықталған жағдайда Кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

3.4 Күнтізбелік жыл аяқталғаннан соң Кеңес осы Ереженің Б қосымшасына сай ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне орындалған жұмыс туралы статистикалық есеп береді.

3.5 ҚР Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелерді тағайындау Қағидаларының талаптарына сай Кеңес докторанттың диссертациялық жұмыс түрінде берілген немесе докторант жариялаған мақалалар топтамасы түріндегі диссертациясын қорғауды өткізеді.

3.6 Кеңестің бір жиналысында екі диссертациядан артық қорғау өткізілмейді, бір күн ішінде екі жиналыстан артық өткізілмейді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

3.7 Диссертациялық кеңес жұмысын мемлекеттік (қазақ)/орыс /ағылшын тілдерінде іске асыра алады.

4 ДИССЕРТАЦИЯНЫ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСКЕ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

4.1 Құжаттарды қорғауға қабылдағанға дейін докторант кафедраның кеңейтілген жиналысында міндетті түрде диссертацияны талқылаудан өтеді.

4.2 Кафедраның кеңейтілген жиналысы өткізілгенге дейін бір ай бұрын диссертация бойынша пікір беруі үшін диссертация докторанттың ғылыми зерттеулері саласында ғылым дәрежесі (ғылым кандидаты немесе докторы) немесе философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор академиялық дәрежесі бар екі маманға жіберіледі.


4.3 Кеңейтілген жиналыста кафедра мүшелерінің кемінде 2/3 (үште екісі), ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ, ұқсас кафедралардың және Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа ұйымдардың өкілдері қатысады.

Кеңесшілер қатыспаған жағдайда олардың диссертация туралы пікірлерін жиналыста кафедра меңгерушісі оқиды.

4.4 Кафедраның кеңейтілген жиналысының оң қорытындысын алғаннан кейін докторант қорғауды өткізетін Кеңесті таңдауы туралы Университет ректорына өтініш береді. Докторант басқа білім беру мекемесінің диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі 10 (он) жұмыс күні ішінде докторанттың құжаттарын ол таңдаған диссертациялық кеңеске жібереді.

4.5 Кеңеске докторант оқыған жоғары оқу орнының ресми бланкісіндегі ілеспе хатпен бірге келесі құжаттар беріледі:

- 1) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 2) кафедраның кеңейтілген жиналысының оң қорытындысы;
- 3) қатты мұқабамен түптелген және электрондық тасымалдауыштағы (CD-дискте) диссертация;
- 4) ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;
- 5) ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, өткізу және нәтижелерін тарату барысында, зерттеу нысандарының құқықтарын, қауіпсіздігі мен амандығын қорғауды қоса, бұзылулардың болмауы туралы академиялық этика бойынша Кеңестің қорытындысы;
- 6) докторантураның білім беру бағдарламасын игеру туралы транскриптінің көшірмесі;
- 7) жұмыс орнында расталған мамандарды есепке алудың жеке парағы;
- 8) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі.

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕП УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

4.6 Диссертациялық жұмыс қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің бірінде беріледі.

4.7 Құжаттарды қабылдауды және тіркеуді Кеңестің ғалым хатшысы орындайды және оларды екі жұмыс күніне аспайтын мерзімде Кеңеске береді.

4.8 Диссертацияны қорғауға қабылдау бойынша Кеңестің жиналысында Кеңестің тұрақты құрамы осы Ереженің 2.4 және 2.7 тармақтарының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

4.9 Құжаттарды қабылдағаннан кейін Кеңес он жұмыс күнінен кешіктірмей диссертацияны қорғау күнін анықтайды және докторанттың ғылыми зерттеулері саласында ғылым дәрежесі (ғылым кандидаты немесе докторы) немесе философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор академиялық дәрежесі және кемінде, бес ғылыми мақаласы бар екі ресми рецензентті тағайындайды.

4.10 Қорғау күні оны тағайындағаннан бастап үш айдан аспауы тиіс. Қорғау күнін тағайындау кезінде докторанттардан құжаттардың түсу кезектілігі қадағаланады.

4.11 Ресми рецензенттерді, ғылыми кеңесшілерді тағайындау кезінде Кеңес олардың бір-бірінен тәуелсіздігі ұстанымын басшылыққа алады.

Ресми рецензент болып тағайындалмайды:

1) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің қызметкерлері;

2) диссертация тақырыбына сай жарияланған жұмыстар бойынша бірлескен авторлар;


3) Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері және докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (қоса орындаушы) болатын диссертация орындалған және/немесе ғылыми-зерттеу жұмыстары өткізілген ғылыми ұйымдардың қызметкерлері;

4) соңғы үш жылда диссертациялар бойынша оң қорытынды берген, диссертация мазмұны бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің теріс шешімін алған ғылыми кеңесші немесе ресми рецензент болған мамандар.


4.12 Университет сайтында докторанттардың қорғауы және Кеңестің қызметі туралы келесі ақпарат орналастырылуы тиіс:

1) докторант туралы ақпаратты, Кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді, диссертацияны беру нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын көрсетумен алда болатын қорғау туралы хабарлау (белгіленген қорғау күніне дейін бір ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді);

2) диссертация (белгіленген қорғау күніне дейін бір ай бұрын), сондай-ақ, негізгі бетте тиісті белгілер қойылуымен Кеңестің ескертулері бойынша оның толықтырылған нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8 бет

- 3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аңдатпа (белгіленген қорғау күніне дейін бір ай бұрын) (В қосымшасы);
- 4) докторанттың жарияланымдар тізімі (белгіленген қорғау күніне дейін бір ай бұрын);
- 5) ғылыми кеңесшілердің пікірлері (белгіленген қорғау күніне дейін бір ай бұрын), бұл пікірлер қорғаудан кейін кемінде, бес ай бойы қолжетімді болады (Г қосымшасы);
- 6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күніне дейін бес жұмыс күні бұрын) (Д қосымшасы);
- 7) қорғаудың бейнежазбасы толық көлемде, бөлшектеуге, құрастыруға рұқсат етілмейді (қорғаудан кейін бес жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде, бес ай бойы қолжетімді болады);
- 8) диссертациялық жұмысты толықтыруға, қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесінің берілмеуі туралы Кеңестің қорытындысы (қорғаудан кейін бес жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде, бес ай бойы қолжетімді болады);
- 9) апелляциялық комиссияның шешімі (бар болса, шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін кемінде, бес ай бойы қолжетімді болады);
- 10) Кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан соң он бес жұмыс күні ішінде орналастырылады);
- 11) философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежелерін беру (бермеу) бойынша диссертациялық кеңестердің қабылдаған шешімдері туралы тоқсан сайынғы есеп. Тоқсан сайынғы есеп тоқсан аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметінің барысында қолжетімді (Е қосымшасы);
- 12) философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесінің берілуі туралы дипломды табыстау тәртібі;
- 13) қорғау күнінің, уақытының, өткізу орнының өзгеруі немесе ресми рецензенттерді (бар болса) ауыстыру туралы хабарландыру;
- 14) Кеңестің құрамы туралы ақпарат және Кеңес қызметінің тәртібі;
- 15) кірме материалды анықтау үшін лицензиялы анықтау жүйесінің болуы туралы ақпарат, оның ішінде, халықаралық дерекқорлар бойынша және әрекет ету мерзімін көрсетумен;
- 16) ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, өткізу және нәтижелерін тарату барысында, зерттеу нысандарының құқықтарын, қауіпсіздігі мен амандығын (тірі табиғат және мекендеу ортасының нысандарының) қорғауды қоса, бұзылулардың болмауы туралы академиялық этика бойынша Кеңестің қорытындысы (Ж қосымшасы);
- 17) Кеңестің жиналысын онлайн бейнеконференция нысанында өткізуді ұйымдастыру бойынша ақпарат.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9 бет

4.13 Диссертациялық жұмысты Университет сайтында орналастырғаннан кейін және/немесе диссертацияны қорғауға қабылдағаннан кейін оны өзгертуге болмайды. Диссертацияны сайтта орналастырғаннан кейін авторлық құқықтарды қорғау қамтамасыз етіледі, заңсыз көшіруден және диссертация материалдарын одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады.

4.14 Диссертациялық жұмысты толықтыру жағдайында оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесінің берілуі туралы шешім қабылданғаннан кейін «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» белгісімен Университет сайтында орналастырылады.

4.15 Диссертацияның мазмұны бойынша ресми емес пікірлерді одан әрі оларды қорғауға берумен Университет сайтында орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Авторлығы анықталмайтын және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген ресми емес пікірлер қорғауға берілмейді.

4.16 Кеңес диссертацияны қорғауға қабылдағаннан кейін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне алда болатын қорғау туралы бес жұмыс күні ішінде хабарлама жібереді (3 қосымша).

4.17 Кеңес диссертацияны қорғауға қабылдағаннан кейін докторанттың плагиатты пайдалануын отандық және халықаралық дерекқорлар бойынша тексеру үшін он жұмыс күні ішінде «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі - ҰМҒТСО) жібереді. Негізгі бет және пайдаланылған ақпарат көздері плагиатқа тексерілмейді (И қосымшасы).

4.18 ҰМҒТСО диссертация келіп түскеннен кейін он жұмыс күні ішінде диссертацияның мәтінін өзінің ғаламтор-ресурсында (сайтында) ашық қолжетімдікте орналастыруды қамтамасыз етеді. Диссертация тұрақты негізде қолжетімді.

4.19 Диссертацияның данасы қағаз және электрондық тасымалдауыштарда Университет кітапханасына беріледі.


Қорғаудан кейін жеті жұмыс күні ішінде Кеңестің ғалым хатшысы Диссертацияның даналарын электрондық тасымалдауышта Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді.

4.20 Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерттеу негізінде Кеңеске жазбаша пікірлерін береді.

Мақалалар топтамасы нысанында диссертацияны қорғау жағдайында ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың мақалаларының ғылыми деңгейі туралы айтады. Егер мақаланың 2/3 (үштен екісі) докторант зерттеуінің тақырыбына байланысты болмаса, ресми рецензент оны ескермейді.

4.21 Пікірлерінде ресми рецензенттер келесі шешімнің бірін нұсқайды:

1) философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беру;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

2) диссертацияны толықтыруға жіберу (мақалалар топтамасы нысанында диссертацияны қорғау жағдайынан басқасында);

3) философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін бермеу.

4.22 Ресми рецензенттердің пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертацияны қорғауға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

4.23 Ресми рецензенттерді ауыстыру рецензиялаудан жазбаша бас тарту жағдайында немесе рецензиялауды іске асыратын мүмкіндік болмауында өткізіледі. Ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім диссертацияны қорғауға дейін бес жұмыс күнінен кем уақытта қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

4.24 Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау орталығының анықтамасында көрсетілген, ресми рецензенттердің пікірлерінде және Университет сайтындағы ресми емес пікірлерде плагиат фактілері болуында диссертациялық кеңестің Комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексеруді іске асырады. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды Кеңеске диссертацияны қорғауға дейін сегіз жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

4.25 Диссертациялық кеңестің Комиссиясының қорытындысы негізінде Диссертациялық кеңес докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды (қорғауға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей) немесе диссертацияны қорғаудан қайтарып алады. Қабылданған шешім туралы Диссертациялық кеңес екі жұмыс күні ішінде докторантқа хабарлайды, сондай-ақ, тиісті ақпарат Университет сайтында орналастырылады.

4.26 Докторанттың диссертацияны қорғаудан қайтарып алуына мүмкіндігі бар, бірақ, қорғауға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей қайтарып алуы тиіс.


4.27 Басқа жоғары оқу орнында оқыған докторанттар қорғауға құжаттарды қабылдағанға дейін бір аптадан кешіктірмей Кеңестің ғылыми семинарында диссертациясын талқылаудан өткізуі тиіс. Бұл ретте семинарға қатысу үшін анықталған Кеңестің мүшелері докторанттың диссертациясы бойынша рецензент болып тағайындалады, олар кейін қорғауда да рецензент болуы мүмкін. Қажет болса, ғалымдардың – докторанттың ғылыми зерттеулері саласындағы мамандардың қатарынан басқа да рецензенттер тағайындалуы мүмкін.

5 ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҚОРҒАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Диссертацияны жария қорғау ғаламтор жүйесінде тікелей онлайн трансляция кезінде өткізіледі.

5.2 Кеңес қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасын қамтамасыз етеді, бөлшектеуге, құрастыруға жол бермейді.

5.3 Кеңес докторантқа, Кеңестің мүшелеріне, ресми рецензенттерге Кеңес жиналысының бейнеконференция түрінде өткізілуі туралы диссертацияны

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11 бет

қорғауға дейін кемінде, бес жұмыс күні бұрын электрондық пошта және Университеттің сайтында хабарландыру беру арқылы хабарлайды.

5.4 Кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы олар ғылыми кеңесшісі болған докторанттың диссертациясы қарастырылған жағдайда Кеңестің жиналысында өздерінің міндеттерін атқара алмайды. Кеңестің шешімімен диссертациялық кеңестің төрағасы міндеттерін орындау – төрағаның орынбасарына, төраға орынбасарының және ғалым хатшының міндеттерін орындау Кеңестің мүшелеріне жүктеледі.

5.5 Кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда Кеңестің жиналысы өткізілмейді.

5.6 Кеңес мүшелерінің, кемінде, 2/3 (үштен екісі) қатысқан болса, Кеңестің жиналыстары құқықты саналады, бұл үшін жиналыста Кеңес мүшелері қатарынан әрбір мамандық (мамандар дайындау бағыты) бойынша кемінде, үш маман міндетті түрде қатысуы тиіс.

5.7 Диссертацияны қорғау бойынша жиналыста Кеңес мүшелерінің онлайн қатысуы ескеріледі. Бұл ретте бейнеконференция арқылы қосылған Кеңес мүшелерінің саны Кеңес құрамының 1/3 (үштен бірінен) аспауы тиіс.

5.8 Ресми рецензенттердің бірінің болмауында (дәлелді себеп бойынша) оның пікірін ғалым хатшы оқиды. Рецензенттерге Кеңестің диссертацияны қорғау бойынша жиналыстарында онлайн режимінде сөз сөйлеуге рұқсат етіледі.

5.9 Жиналысқа шақырылған тәжірибелік салалардың мамандарының қатысуына рұқсат етіледі (егер диссертация қолданбалы сипатта болса).


5.10 Кеңес жиналысы бейнеконференция түрінде өткізілген кезде қамтамасыз етіледі:

- 1) Жиналысқа қатысушыларды көру арқылы сәйкестендіру;
- 2) Жиналысқа қатысушылардың сөз сөйлеуін ғаламтор желісінде үздіксіз бейне және аудиотрансляциялау;
- 3) Жиналыстың бейне және аудиожазбасы;
- 4) Кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі.

5.11 Кеңес келесі шешімдердің бірін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді өткізеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны толықтыруға жіберу (диссертацияны қорғау диссертациялық жұмыс түрінде болған жағдайда ғана);
- 3) диссертацияны қайтадан қорғауға жіберу;
- 4) философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін бермеу.

5.12 Мәтінді түзеткен кезде жұмыстың мәні өзгермейтін, аздаған ескертулер болса, диссертациялық жұмыс толықтыруға жіберіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

Диссертация Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелерді беру Қағидаларының 4 және/немесе 6, және/немесе ішінара 5 тармағына сәйкес келмесе (академиялық адалдық ұстанымынан басқа), ол қайтадан қорғауға жіберіледі.

Академиялық адалдық ұстанымы бұзылған кезде немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірыңғайлық, шынайылық ұстанымдарына сәйкестік болмаса, философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесінің берілмеуі туралы шешім қабылданады.

5.13 Докторанттың ғылыми кеңесшісі, тікелей басшысы немесе жақын туыстықта болатын Кеңестің мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

5.14 Жасырын дауыс беруге дауыстары диссертациялық кеңестің мүшелерінің дауыстарына тең болатын ресми рецензенттер қатысады.

5.15 Он-лайн режимінде, қашықтықтан қатысатын Кеңестің мүшелері Санақ комиссиясының төрағасына электрондық поштамен бюллетеньді жібереді (бір сағат ішінде сканерленген нұсқасын) немесе өз дауысын жасырын дауыс беру ұстанымын қадағалайтын арнайы қосымшада қалдырады.

5.16 Жиналысқа қатысқан диссертациялық кеңестің мүшелерінің 2/3 (үштен екісі) және одан артық бөлігі оң дауыс берген болса, Кеңесте оң шешім қабылданған болып саналады. Егер жиналысқа қатысқан диссертациялық кеңестің мүшелерінің 2/3 (үштен екісінен) кем бөлігі оң дауыс берген болса, Кеңесте теріс шешім қабылданған болып саналады.

5.17 Егер дауыс беруге қатысқан тұлғалардың 3/4 (төрттен үші) және одан артық бөлігі оң дауыс берген болса, Кеңесте философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесінің берілуі туралы шешім қабылданған болып саналады (К қосымшасы).


5.18 Теріс шешім немесе қайтадан қорғауға жіберу туралы шешім қабылданған кезде Кеңес диссертацияның Ереженің, Қағидалардың қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілетін қорытындыны құрады.

5.19 Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесінің берілмеуі туралы қорытындысы Университеттің сайтында орналастырылады.

5.20 Кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант шешім қабылданған күннен бастап екі ай ішінде кез келген нысанда береді.

5.21 Апелляцияны берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Университет ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Комиссияның құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми атағы бар, кемінде, үш маман кіреді, оның ішінде, шетелдің сарапшылары болуы мүмкін. Ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, Кеңестің мүшелері комиссияның мүшесі бола алмайды.

5.22 Апелляциялық комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, диссертацияны қорғау бойынша Кеңестің материалдарын қарастырады және

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

апелляцияның нәтижелері бойынша комиссияны құрған күннен бастап отыз күн ішінде қорытындыны дайындайды.

5.23 Апелляциялық комиссияның қорытындысы комиссия мүшелерінің көпшілігінің ашық дауыс беруінің негізінде қабылданады және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссияның оң қорытындысы болған жағдайда философия докторы (PhD) дәрежесі берілуі туралы диплом беріледі.

5.24 Өтініш берушіге апелляциялық комиссияның қорытындысы ол қабылданған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде хабарланады.

5.25 Философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесінің берілмеуі туралы қорытынды болған жағдайда докторант диссертацияны Университетте алдыңғы қорғаудан кейін бір жыл өткеннен кейін қайтадан қорғауға ұсынуына болады.

5.26 Диссертациялық жұмысты қайтадан қорғау алдыңғы қорғау өткізілгеннен кейін, кемінде, алты айдан кейін өткізіледі. Кеңестің уақытша мүшелері мен ресми рецензенттердің құрамы сақталады.

Диссертация қайтадан қорғауға екі рет қана жіберілуі мүмкін.

5.27 Диссертация қайтадан қорғауға ұсынылған кезінде Кеңес үш мүшесін тағайындайды, олар диссертацияда осыған дейін анықталған бұзылулардың жойылуы туралы қорытындыны құрады. Қорытынды қорғауға дейін кемінде, он жұмыс күні бұрын Университеттің сайтында орналастырылады және диссертацияны қорғау кезінде оқылады.


5.28 Толықтыруға жіберу туралы шешім қабылданған кезде Кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулері бар қорытынды қабылдайды.

Кеңестің ескертулерімен докторанттың толығымен немесе ішінара келіспеуі жағдайында ол аталған ескертулерге дәлелді жауап келтіруі қажет.

5.29 Толықтырылған диссертациялық жұмыс Кеңеске үш айлық мерзімде беріледі, бұл мерзімді көп болғанда, үш айға дейін ұзартуға рұқсат етіледі. Толықтыру мерзімін ұзарту туралы шешімді Кеңес докторанттың өтінішінің негізінде қабылдайды. Егер толықтырылған диссертациялық жұмыс белгіленген мерзімде берілмесе, докторант қайта қорғаудан өтеді.

5.30 Толықтырылған диссертациялық жұмысты плагиатқа тексеру үшін ҰМҒТСО жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін Кеңес ресми рецензенттермен бірге толықтырылған диссертациялық жұмысты және Кеңестің ескертулерін (бар болса) жоюға қатысты жауаптарды талқылау бойынша жиналыс өткізеді.

5.31 Талқылаудан кейін жасырын дауыс беру арқылы дауыстардың көпшілігімен дәреженің берілуі немесе диссертациялық жұмысты қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14 бет

6 ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҚОРҒАУДАН КЕЙІН ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

6.1 Диссертациялық кеңестің шешімінің негізінде ол қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесінің берілуі (берілмеуі) туралы Университет ректорының тиісті бұйрығы шығарылады.

6.2 Философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесінің берілуі туралы ақпарат диссертациялық кеңестің шешімі қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Университет сайтында орналастырылады.

6.3 Философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесі берілген тұлғаларға бұйрық шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Университеттің белгіленген үлгідегі дипломдары табысталады.

6.4 Философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесі берілуі туралы дипломды табыстау тәртібі меншікті үлгідегі құжаттарды беру Қағидаларымен анықталады.

6.5 Кеңестің ғалым хатшысы бес жұмыс күні ішінде докторанттың құжаттарын «ҰМҒТСО» АҚ тіркеуге жібереді (Л қосымшасы). Құжаттар тізбесіне кіреді:

- 1) Диссертация;
- 2) Үш тілдегі аңдатпа (аннотация);
- 3) Ғылыми жарияланымдар тізімі;
- 4) Диссертацияның тіркеу-есептік карточкасы, қазақ және орыс тілдерінде;
- 5) Диссертацияның, 3 тілдегі аңдатпаның, докторанттың диссертациясының тіркеу-есептік карточкасының электрондық нұсқасымен CD дискі.

6.6 Диссертацияның тіркеу-есептік карточкасы (ТЕК) М қосымшаға сай рәсімделеді.

6.7 Кеңестің ғалым хатшысы докторанттың аттестациялық ісін құрады және екі апталық мерзімде оны ғылым бөліміне сақтауға жібереді.

6.8 Докторанттың аттестациялық ісінде келесі құжаттар болады:


1) қатты мұқабамен түптелген және электрондық тасымалдауыштағы диссертация;

2) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі және көшірмелері (Н қосымшасы);

3) докторанттың кірме материалды ақпарат авторына және көзіне сілтемесіз пайдалануына диссертацияны тексеру бойынша ҰМҒТСО анықтамасы;

4) ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

5) екі ресми рецензенттің пікірлері;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	3 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

